

**Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1813. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 08.01.2013 № 6 бұйрығымен.**

**Ескерту: Бұйрыққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.02.08 N 36 бұйрығымен.**

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 ережесінің 14-тармағына сәйкес, Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Әділет Вице-Министріне жүктелсін.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

N 48 бұйрығымен бекітілген

**Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулық**

Әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағының, Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексiнiң, "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 778 қаулыларының негізінде және оларға сәйкес әзірленді.

**Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 36, 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 256, 2010.04.13 N 113 бұйрықтарымен.**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Нұсқаулық әділет органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын нормативтік құқықтық актілерді шығаруды, қолдануды, мемлекеттік тіркеу мен жариялауды реттейтін заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды нақтыландырады.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - орталық және мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері) ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

3. Заңнамаға сәйкес жарияланбаған орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері қолданылмайды.

**Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

5. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

7. Тексерулерді жүргізген кезде Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Нұсқаулықты басшылыққа алуға міндетті.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

8. Тексерулердің міндеттері:

1) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу мен ресми жариялау саласындағы қолданыстағы заңнаманың сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органның лауазымды адамының Конституцияға не өзге де заң актілеріне қайшы келетін, жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің заңды мүдделерін қозғайтын заңсыз нормативтік құқықтық акт шығаруы фактілерін анықтау және жол бермеу;

3) күші жойылған, сот күші жоқ деп таныған, ресми жарияланбаған не қолданылу күшін уәкілетті органдар тоқтата тұрған, сондай-ақ әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілерді орталық атқарушы, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз қолдануы фактілерін анықтау және жол бермеу;

4) лауазымды адамдармен жалпыға міндетті маңызы бар, жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережелерін бұзуын анықтау;

5) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін шығару, мемлекеттік тіркеу және ресми жариялау мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

**Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

## 2. Тексеру жүргізуді ұйымдастыру

9. Орталық мемлекеттік органдарда тексеруді жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіру Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментіне (бұдан әрі - Департамент), жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тексеру - аумақтық әділет органдарының (бұдан әрі - аумақтық әділет органдары) басшыларына жүктеледі.

**Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.02.08 N 36, 2005.12.08 N 325, 2010.04.13 N 113 бұйрықтарымен.**

10. Орталық мемлекеттік органдарды тексеруді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) деңгейде, республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тексеруді облыстардың, Алматы және Астана қалалық Әділет департаменттері жүзеге асырады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық), аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтер деңгейіндегі жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тексеруді аудандар (қалалар) әділет бөлімшелері жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда, тексерулер өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізілуі мүмкін.

**Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 36 бұйрығымен, 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 325 бұйрығымен.**

11. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Сондай-ақ, облыстық, Алматы және Астана қалалық Әділет департаменті аудандық (облыстық маңызы бар қалалық), республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкімдіктер деңгейіндегі жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

**Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.02.08 N 36, 2010.04.13 N 113 бұйрықтарымен.**

12. Тексеру жоспарларын әділет органының бірінші басшысы (немесе оның міндетін атқарушы тұлға), тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне сәйкес бекітеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011.01.29 N 33 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тексерулерді жүргізу үшін:

- 1) Департамент қызметкерлерінен құрылатын топтар;
- 2) аумақтық әділет органдары қызметкерлерінен құрылатын топтар құрылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.

14. Тексерулерді жүргізу алдында тексеруге жататын міндеттер мен мәселелер тізбесі кіретін тексеру бағдарламасы әзірленеді және тексерулерді жүргізу үшін топтардың құрамы белгіленеді.

15. Тексерушілер тобы тексерілетін мәселелердің мәнісін талқылай алатын және қызметті ұйымдастыруда, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жоюда консультациялық-әдістемелік көмек көрсете алатын неғұрлым тәжірибелі қызметкерлер санынан жинақталады.

### 3. Тексерулерді жүргізу

16. Тексеру жүргізу үшін шығарылған нөмірі мен күнін, тексерілетін органның атауын, тексеру тобының қатысушыларын, тексеру нысанын, тексеру кезеңін, тексеруді бастау және аяқтау күнін қамтитын әділет органдары бірінші басшысымен (немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен) бұйрық шығарылады.

Тексеру басталғанға дейін бұйрық және оның көшірмесі толтырылған ақпараттық есепке алу карточкасымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті аумақтық органдарында (бұдан әрі – уәкілетті орган) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тіркеледі.

Тексеру әділет органдарымен тексеру жүргізу туралы бұйрық уәкілетті органда тіркелгеннен кейін жүргізеді.

Тексеруді бастау күні болып тексеру жүргізу туралы бұйрықта көрсетілген күн есептеледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.

17. Алдағы жұмыстардың көлемі, тексеруші топқа қойылған міндеттер мен оның құрамы ескеріле отырып, 30 күнтізбелік күннен аспайтын тексеру мерзімі белгіленеді.

Тексеруді тоқтату, тоқтата тұру, жаңғырту, мерзімін ұзарту әділет органдарының бірінші басшысымен (немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен)

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

Тексеріс мерзімі ұзартылған, не ол тоқтатылған, тоқтата тұрылған, жаңғыртылған, сондай-ақ есептен шығарылған жағдайда (өткізілмеген тексеріс ретінде) тиісті есепке алу карточкасы толтырылады және уәкілетті органға ұ с ы н ы л а д ы .

**Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006.04.04 N 105, 2010.04.13 N 113 бұйрықтарымен.**

18. Тексеру бастаудың алдында тексерушілер тобы тексерілетін органның бірінші басшысына (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға) тексеруді тағайындау туралы бұйрықты ұсынады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

19. Тексеруді жүргізген кезде тексеруді жүргізу туралы бұйрықта көрсетілген кезеңде шығарылған барлық актілер, соның ішінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер мен құпиялы Сипаттағы мәліметтерді қамтитын актілер тексеруге жатады.

20. Топтардың қызметкерлері:

1) тіркелімдерді, іс қағаздарын жүргізу жөніндегі компьютерлік бағдарламаларды (олар болмаған жағдайда - актілер кітаптарын), тексерілетін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін, кіріс, шығыс хат-хабар, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу, нормативтік құқықтық актілерді жариялау журналдарын, "құпия" грифі бар құжаттарды тексеруді ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

2) мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді таңдауды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

3) азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялау бөлігінде қолданылып жүрген заңнама талаптарының орындалуын т е к с е р е д і ;

4) сол немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу қажеттілігі туралы мәселелерді шешеді;

5) әкімшілік өндірісті қозғау және материалдарды сотқа тапсыру туралы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы ;

6) тексерілетін мемлекеттік органның жұмысының жағдайы және анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасының нормаларын бұзу фактілері көрсетілетін тексеруді жүргізу туралы акт жасайды;

7) тексерулерді тиімді жүргізуді қамтамасыз ету бойынша қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындайды.

Тексеруші топтардың міндеттері мен функцияларын толықтыруды және

нақтыландыруды әділет органдарының бірінші басшысымен (немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен) жүзеге асырылады.

**Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005.02.08 N 36, 2010.04.13 N 113 бұйрықтарымен.**

21. Тексерулерді жүргізген кезде тексерушілер:

- 1) тексерулерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан қажетті материалдар мен ақпаратты сұрауға;
- 2) мемлекеттік органдарға заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізуге;
- 3) әділет органдары бірінші басшысының (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның) атына әкімшілік жауапкершілікке тартылып отырған тұлғадан түсініктеме сұрауға құқылы.

Ескерту: Тексеру барысында үштен артық мемлекеттік тіркеуге, ресми жариялауға жататын нормативтік құқықтық акті анықталған кезде, онда мұндай бұзушылықтар тексерудің әр мәні бойынша жеке-жеке, тексеру қорытындысы бойынша актіге жеке қосымшамен (қосымшалармен) ресімделеді. Бұл ретте, актіде қосымшаға (қосымшаларға) тиісті сілтеме келтіріледі.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

22. Тексеруді жүргізген кезде тексерушілер:

- 1) алынып тасталды;
- 2) тексерілетін субъектілерге қатысты объективсіздікке және ағат пікірге жол бермейді;
- 3) тексеру барысында алынған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер, немесе құпиялы сипаттағы мәліметтерді қамтитын ақпаратты жариялауға жол бермейді.

**Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

23. Тексеруді жүргізуге кедергі жасау және (немесе) тексерушілердің жұмысына қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама актілерінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

**Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

24. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын актілерді тексеру Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңмен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

#### 4. Тексеру қорытындыларын ресімдеу тәртібі

25. Тексеру қорытындысы бойынша ол аяқталған сәттен бастап үш күннен кешіктірмей анықталған кемшіліктерді жою және жұмысты жақсарту бойынша нақты нұсқаулары бар екі данада акт жасалады. Жасалған актілер тексерілген органның бірінші басшысына (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға) танысу және қол қою үшін ұсынылады. Қол қойылғаннан кейін актінің екінші данасы әділет органдарына қайтарылады.

**Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

26. Актіде анықталған кемшіліктер дәйекті және объективті жазылады, олар дәлелді және көшірмелері (құжаттың күні мен нөмірі, нормативтік құқықтық актінің атауы, оның мазмұны және басқа да мәліметтер) қоса беріліп, құжаттамалы расталуға тиіс.

Актінің мәтінінде әр түрлі кестелер мен анықтамалық деректер қамтылмайды, бұл мәліметтер бөлек қосымшамен ресімделеді.

Актіге тексеруші топ қол қояды және тексерілген органның бірінші басшысына (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға) танысу үшін ұсынылады.

**Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

27. Тексерілген органның бірінші басшысы (немесе оның міндетін атқарушы тұлға) тарапынан актіге қарсылықтар немесе ескертулер болған жағдайда, өзінің қолының алдында ескертпе жасайды және оған негізделген жазбаша түсіндірмелер мен ескертулер қоса беріледі.

**Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

28. Тексерілген органның бірінші басшысы (немесе оның міндетін атқарушы тұлға) қол қоядан бас тартқан жағдайда актіде тиісті жазба жүргізіледі.

**Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

29. Жазбаша қарсылықтарда жазылған фактілердің растығы тексерілуге тиіс және топ жетекшісі олар бойынша жазбаша қорытынды береді.

**Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

30. Сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда тексеру актісіне тексеру барысында анықталған кемшіліктерге кінәлі не оларға қатысы бар адамдардың түсіндірмелері қоса беріледі.

31. Тексеріс қорытынды бойынша бұзушылық анықталған жағдайда, Әділет министрлігімен және оның аумақтық органдарымен заңнама актілерімен



қарастырылған ықпал ету шаралары қабылданады (заң бұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізіледі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрастырылады) .

**Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

3 2 . < \* >

**Ескерту: 32-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

## **5. Қорытынды ережелер**

33. Тексеру барысында олар үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген кемшіліктер анықталған жағдайда, тексерушілер дереу әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

**Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**

34. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау және сотқа жіберу «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексінде және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 10 маусымдағы № 87 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің өндірісі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1882 болып тіркелген) бұйрығында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2010.04.13 N 113 бұйрығымен.**